



Сыр бойы

1 тамыз, бейсенбі 2024 жыл

№117 (20791)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.

Президентке орталықтың биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі нәтижелері және алдағы кезеңге жоспары таныстырылды.

Ренат Бектұровтың айтуынша, бүгінде Қаржы орталығы арқылы Қазақстанға 12 миллиард доллардан астам инвестиция тартылған. Бұл 2025 жылға белгіленген максатты көрсеткіштен асып түседі. АХКО құрылған сәттен бастап оның қатысушылары бюджетке 115 миллиард теңге салық төледі. Оның 29,8 миллиард теңгесі осы жылдың бірінші жартыжылдығында түскен. Қаржы орталығына қатысушылар санының артуы мен компаниялар қызметінің жандануы салық түсімдерінің ұлғаюына негізгі себеп болып отыр.

2024 жылдың алғашқы алты айында Орталыққа 500-ден астам компания қосылды. Бұл қатысушылардың жалпы санын 3 мыңға дейін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға айтарлықтай ықпал етті. Биылғы екінші тоқсанның соңындағы есеп бойынша АХКО юрисдикциясындағы компаниялар 7600-ден астам жұмыс орынын ашты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Астана» халықаралық қаржы орталығының бизнес-қоғамдастықты қолдауға бағытталған шаралары туралы айтылды. Ренат Бектұров биыл маусым айында AIFC Community бастамасы аясында алғашқы іс-шара өткенін хабарлады. Сондай-ақ биыл 5-6 қыркүйекте болатын дәстүрлі Astana Finance Days 2024 шарасына дайындық барысын баяндады.

Президент Қаржы орталығын одан әрі дамыту бағытында бірқатар міндет жүктелді. Атап айтқанда, ел экономикасына инвестиция тарту үшін АХКО инфрақұрылымын белсенді пайдалана отырып, барлық мемлекеттік орган мен қаржы институттарының күш-жігерін біріктіру қажет екенін атап өтті.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖОЛ ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ Сақтықты босаңсытуға болмайды

Сейсенбі күні ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әуелі жолдағы қауіпсіздік мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қоғамдық қауіпсіздікті және жол қауіпсіздігін сақтаудағы мәселелерге тоқталды.

– Өткен жылы полиция департаментінің материалдық-техникалық базасын жабдықтауға облыстық бюджеттен 3,3 млрд теңге бөлінді. Биыл жергілікті бюджеттен тағы 2,1 млрд теңге берілді. Оның ішінде полиция инспекторларына 18 қызметтік автокөлік табысталды. Алдағы уақытта бюджетті нақтылау барысында тағы да қосымша қаржы бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қызылорда қаласы аумағына 100 бейнебақылау камерасы мен 10 «Сергек» қондырғысы орнатылды. Бұдан бөлек, 10 «Ekin Patrol G2» және 21 «Vsewo» мобилді кешені жұмыс жасауда. Дегенмен, Қызылорда қаласында жол-көлік оқиғалары 120-ға, қайтыс болғандар саны 5-еуге, жаракат алғандар саны 150-ге артқан. Биылғы 6 айда 58 жаяу жүргіншінің көлік қату жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 77,5 пайызға өскен.

2-бет

/// МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ: Қазақстанға АЭС керек пе?

Сейсенбі күні облыстық жастар ресурстық орталығында Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша жария талқылау өтті. ҰЕҰ өңірлік Альянсы мен облыстық Қоғамдық кеңес ұйымдастырған іс-шараға мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық кеңестің, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, экологтар, саяси партиялардың, БАҚ өкілдері, облыс тұрғындары қатысты.

Жиынды облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов жүргізді. Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында халықпен алдын ала талқылай отырып, Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша жалпыұлттық референдум өткізуге бастамашы болды. Сондай-ақ биылғы маусымда БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АЭС салу мәселесі бойынша референдум алдағы күзде өтетінін айтты. Референдум халықтың АЭС салудың керектігі немесе қажет еместігі туралы таңдау жасауына мүмкіндік береді.

Әріп Хожбанов жария талқылауға азаматтық қоғам институттарының бастамашы болғанын айтты. Бір айға жуық уақыт бұрын Анар Ізден басқаратын облыстық Азаматтық Альянс қауымдастығынан мәселеге қатысты жария талқылауды облыстық Қоғамдық кеңес алаңында өткізуді ұсынған хаты түскен.

– Бүгінгі күнге дейін республиканың оннан астам аймақтарында АЭС салуға қатысты жария талқылаулар өтті. Негізгі мақсат – халықты кеңінен ақпараттандыру, ұсыныс-пікірлерді білу. Өзге өңірлерде тұрғындар тарапынан жүйелі мәселелер көтеріліп, салмақты ұсыныстар басшылыққа алынды. Тақырыптың өте өзекті болуына орай қоғам тарапынан қызу талқыға түсіп, түрлі алып-қашпа әңгімелердің де еруі – заңдылық. Оның негізгі себебі кәсіби мамандар тарапынан толық және жан-жақты сараланған ақпараттың халыққа кеңінен жетпеуі деп білемін, – деді Әріп Хожбанов.

Жиында тақырып бойынша ҚР Энергетика министрлігінің, «ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМҚ, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС, «Ядролық физика институты» РМҚ өкілдері сөз сөйледі. Спикерлер атом энергетикасын дамытудың жоспары, атом электр станциясы құрылысының қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы және экономикалық тиімділігі жайында әңгімеледі.

КӨМІР СТАНЦИЯЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯ БӨЛІНБЕЙДІ


ҚР Энергетика министрлігінің атом энергетикасы және өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары



Гүлмира Мұрсалова еліміздегі электр энергиясына деген сұраныстың артуы мен CO₂ шығарындыларын азайтуға деген ұмтылысты ескере отырып, Қазақстанда атом энергетикасын дамыту қажеттілігіне жиналған қауымның назарын аударды.

– Қазақстанда өндірілген энергияның 70 пайызы көмірмен жұмыс істейтін стан-

саларда өндіріледі. Станциялардың тозу деңгейі өте жоғары. Жыл сайын электр энергиясын тұтыну 3 пайызға өсуде. Болашақта жаңа станциялар салу керек. Сондықтан Үкімет алдағы 10 жылда, яғни 2035 жылға қарай 26,5 ГВт-тан астам жаңа генерация енгізуді жоспарлады, – деді Гүлмира Мұрсалова.



/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өңірде РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР ӨТЕДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте ауылды дамыту тәжірибелеріне арналған республикалық семинар-кеңесті ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы тамыз айының 16-17 күндері өңірге Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров бастаған делегация келетінін хабарлады. Аймақта ведомство басшыларының, облыс әкімдері орынбасарларының, шаруа қожалықтары төрағаларының қатысуымен арнайы семинар-кеңес ұйымдастырылмақ.

– Семинар-кеңесте ауылды дамытудың озық тәжірибелері ортаға салынады. Бұдан



Бүгінде елімізде жаңартылған энергия көздері дамытылып жатыр. Күн, жел электр станциялары жұмыс істеуде. Қызылорда, Түркістан облыстарында, Алматы, Шымкент қалаларында газбен жұмыс істейтін станциялар да салынады. Мұндай ірі жобалармен қатар көмірмен жұмыс істейтін станциялар да салынады.

Алайда қазіргі халықаралық экологиялық саясатқа байланысты көмірмен жұмыс істейтін станцияларға инвестиция бөлінбейді. Халықаралық қаржы ұйымдары оған тыйым салған. Себебі олардың CO₂ шығарындылары өте жоғары. Мысалы, Қазақстандағы көмірқышқыл газ шығарындыларының 80 пайызға жуығы энергетикаға тиесілі.

Сондықтан біз жасыл энергияға қарап отырмыз. Жасыл энергияға АЭС те жатады. Мысалы, қуаттылығы бірдей 1 ГВт көмірмен жұмыс істейтін және АЭС-пен салыстырсақ, біз CO₂ шығарындыларын 7-10 миллион тоннаға дейін қысқарта аламыз.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯНЫҢ ДА КЕМШІЛІГІ БАР

Сондай-ақ, спикер еліміз жасыл энергияға көшуді, 2060 жылға дейін көмірқышқыл газдарының шығарындыларын нөлге дейін жеткізуді мақсат етіп отырғанын айтты. Қазіргі уақытта 148 нысан жаңартылған энергия өндіреді. Оның ішінде 46 күн электр станциясы, 59 жел электр станциясы бар. Бұған дейін 2025 жылға қарай жаңартылған энергия көздерінің үлесін 6 пайызға дейін жеткізу міндеті қойылған болса, бұл межеге бытыр қол жеткізілген. Қазіргі таңда бүкіл өндірілетін энергияның ішінде жаңартылған энергия үлесі 6,5 пайызды құрап отыр.

– Осы жаңартылған энергия көздерінің бір кемшілігі бар. Жел мен күн жоқ кезде электр энергиясы да жоқ. Жаңартылған энергия қуатын пайдалану коэффициентін қарасақ, жел электр станцияларының тек 35-40 пайызын, күн электр станцияларының 18 пайызын ғана аламыз. Сол себепті бізге тұрақты, үздіксіз жұмыс істейтін станцияларды салу қажет. Қазіргі уақытта тәулік бойы энергия беретін тек көмірмен жұмыс істейтін станциялар. Алайда, ол жасыл энергияға жатпайды.

Жасыл энергияға жататын тұрақты энергия атом энергиясы. Сол себепті бүкіл әлем осы атом энергетикасын дамытуды мақсат етіп отыр, – деді Гүлмира Мұрсалова.

Қазір әлем бойынша 416 реактор жұмыс істеп тұр. Ең көп реактор АҚШ-та – 94, жер аумағы шағын Францияның өзінде 56 реактор жұмыс істейді. БАӘ осы жылы бірінші АЭС-ін салып бітірді. Беларусь мемлекеті алғашқы АЭС-ін іске қосты. Сондай-ақ Түркия өзінің алғашқы АЭС-ін салып жатыр. Көршілес Өзбекстан да АЭС салуды жоспарлап отыр.

2-бет

ЖОЛ және ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ Сақтықты босаңсытуға болмайды

Жүргізушілерге қатаң талап қойып, полиция қызметкерлерінің жұмысын күшейту қажет. Тұрғындар қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Жол-көлік оқиғаларының саны өскен Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жалағаш, Сырдария, Жана-қорған аудандарында жағдайды қатаң бақылауға алып, жергілікті полиция бөлімдері профилактикалық шараларды күшейтуі керек.

Жыныс қорытындысымен жолдар мен көшелерге жол белгілерін орнатып, тозығы жеткендерін жаңарту, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізі бойындағы елді мекендер тұрғындарына малды қараусыз қалдырмау жөнінде түсіндірме жұмысын күшейту тапсырылды. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жаңғырту, жөндеу және күтіп-ұстау жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алу қажет. Облыстық полиция департаменті авариялық қауіпті учаскелерді анықтап, рейдтерді тұрақты ұйымдастыруға жауапты болмақ. «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ облыстық филиалы «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автодалізі бойындағы жол белгілерін бір апта ішінде қалпына келтіруі тиіс.

Үкімет отырысында сондай-ақ өрт қауіп жоғары кезеңде туындайтын мәселелер талқыландырылды.

Бұл ретте облыс әкімі жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

Облыс аумағында мемлекеттік орман қоры жерінің жалпы көлемі 7 млн гектар. Оның 3,8 млн гектары – орманды алқаптар. Жыл басынан бері орман қоры жерінің 42,9 гектарында 10 өрт оқиғасы тіркелген. Осы жылғы 15 шілдедегі Үкімет қаулысымен орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарына «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы өрт сөндіру техникаларын лизингпен алуға 20 млрд теңге қаралған. Бұл мақсатқа бюджеттен тиісті қаржы бөлінуде. Алайда орман өрті азаймаған. Көп жағдайда азаматтар өз қажеттілігін көздеп өрт қояды, малға қолайлы жайылымдық ашып, егістікті қоршауға қада дайындайды. Осындай деректерді ашу үшін өткен жылы 21, биыл 5 жағдай бойынша полиция органдарына материалдар жолданған. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін кінәлілер анықталған жоқ. 28 шілде күні Қазалы ауданы «Бозкөл», «Тасарық», «Қызылқұм» ауылдық округтеріне шекаралас «Тайкеткен» учаскесінде құраған қамыс жанған. Болған оқиға туралы мәліметті уақыттыла жіберіңіздер. Бұл тапсырма қала және барлық аудан әкімдеріне қатысты, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы синоптиктердің болжамы бойынша, алдағы тамыз айында жоғары ауа температурасы сақталатынын, қалыпты құрғақшылық күтілетінін ескертіп, орман және дала өртінің алдын алуды тапсырды. Сондай-ақ өрт қауіп жоғары кезеңде шалғайдағы елді мекендердегі өрт бекеттерінің жұмысын күшейту қажет.

Мәжіліс қорытындысымен Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне мемлекеттік өрте қарсы қызметі жоқ елді мекендердегі өрт сөндіру бекеттерін бейімделген ғимаратпен, қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандыру тапсырылды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы орман қоры жерлеріне жана минералдық жолақтар жүргізуді, ескі жолақтарды қайта қалпына келтіруді ұйымдастыруы тиіс. Өрт қауіп жоғары кезеңде орман шаруашылығына қарасты өрт сөндіру жасақтары күшейтілген режимде жұмыс жасауы қажет. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті темір-жол және автокөлік жолдарының бойына жана минералдық жолақтар жүргізуді, ескі жолақтарды қайта қалпына келтіруді бақылауға жауапты. Облыстық қоғамдық даму басқармасы төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, құраған шөпті, коқысты өртеуде қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін қолданыстағы жауапкершілік туралы БАҚ-та кеңінен түсіндіруді ұйымдастыруы керек. Ал облыстық полиция департаменті орман және алқаптарда болған өрте кінәлілерді жауапкершілікке тарту үшін тиісті шараларды қолға алмақ.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ядролық физика институты» РМҚ бас директоры Саябек Сахивпен кездесті.

– Қазіргі уақытта республиканың барлық аймағында өздеріңіздің қатысуларыңызбен АЭС салуға қатысты жария талқылаулар өтуде. Өл-ауқаты мен экономикалық қуаты артқан еліміз үшін бұл – өте өзекті мәселе. Шынайы және нақты ақпараттың жетіспеушілігінен қоғамда түсінбеушілік, түрлі алып-қашпа әңгіме тарайтыны да – заңдылық. Осы жағдайда, өзіншедей ғалымдардың, саланың үздік мамандарының түсіндірмелері халыққа өте қажет. Бүгін облыстық Қоғамдық кеңес алаңында өткізілген жария талқылау қатысушыларға ой салды. Жария талқылаулар және алдағы уақытта жүргізілетін ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жұртшылықтың шешім қабылдауына жәрдемдеседі деп ойлаймын, – деді аймақ басшысы.

Кездесуде Сыр өңіріндегі инфрақұрылым желілерін дамыту мәселелері де талқыланды. Аймақта Президенттің, Үкімет басшысының,

Парламенттің қолдауымен халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру, инфрақұрылым объектілерін жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар іске асырылуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау үшін Қызылорда қаласында қуаты 240 МВт болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Жоба қалыптастырушы «Қызылордажылу-электрорталығы» аумағындағы 24,5 гектар жер учаскесінде іске асырылуда. Бүгінде инвестор «AKSA Energy» түрік компаниясы құрылысқа 70 млрд теңгеден астам инвестиция салды.

Өз кезегінде Саябек Қуанышбекұлы Сыр еліне әр салада серпінді даму байқалатынын атап өтіп, аймақ халқы үшін маңызды жобалардың сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді.

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ: Қазақстанға АЭС керек пе?



Бұл ретте министрлік өкілі Қазақстанның атом саласында тәжірибесі өте жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ еліміз уран өндірумен қатар, Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауытында дайын ядролық отын дайындайды. Атом энергетикасында қауіпсіздіктің ең басты факторларының бірі осы ядролық отын десек, қазірдің өзінде еліміз оны өндіріп, Қытай сияқты алпауыт елдерге экспорттап, еліміздегі жұмыс істеп тұрған үш зерттеу реакторларын да қамтамасыз етіп отыр.

ТӨРТ ТЕХНОЛОГИЯ ТАҢДАП АЛЫНДЫ

Жиында «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС Атом энергетикасы басқармасының жетекші инженері Асуан Сиябеков АЭС үшін елімізде екі орын қарастырылып отырғанын айтты.

– Олар – Абай облысы Курчатов қаласы мен Алматы облысының Үлкен ауылы. Бұл екі жердің де барлық жағдайы, болашақта энергия тапшылығы туындауы ескеріліп таңдалған, яғни, техникалық сипаттамалары бірдей. Бұған дейін АЭС үшін 13 реакторлық технология қарастырылған болатын. Олар техникалық, экономикалық сипаттамалары бойынша сүзгіден өтіп, нәтижесінде Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея мен Франция технологиялары іріктеліп алынды. Төрт технологияның да сипаттамалары бірдей. Қуаттылығы 1200-1400 МВт-ға дейін, – деді ол.

Сондай-ақ АЭС салу экономикамызға оң серпін беретінін айтты. АЭС салынатын болса экономиканың барлық салаларына, сондай-ақ ғылымға, білімге, әлеуметтік салаға оң мультипликативтік әсер етеді. Жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік береді.

АТОМ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Қазақстанда АЭС салу атом индустриясы үшін және тұтастай алғанда, еліміздің бүкіл экономикасы үшін жана мүмкіндіктер ашады. Мысалы, ғылыми-техникалық және жоғары білікті кадрлардың өсуіне, өнеркәсіпті дамытуға, өзімізде өндірілетін ядролық отын базасын кешенді пайдалануға мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, құрылыс кезінде 8 мың жана жұмыс орны, пайдалану кезеңінде 2 мың адамға дейін сапалы кадрлар құрылады. АЭС салу кезінде әрбір жұмыс орны экономиканың аралас салаларында оннан астам жұмыс орнын құрады. Ең бастысы – нысан халықты 60 жыл-

дан астам уақыт тұрақты, сенімді энергиямен қамтамасыз етеді.

Асуан Сиябеков АЭС салудың одан бөлек басқа да бірқатар экономикалық, әлеуметтік, техникалық және экологиялық артықшылықтарға не екенін айтты. Жыл сайын өсіп келе жатқан энергия тапшылығын, Қазақстан үкіметі ресми түрде қабылдаған көміртегіз энергетикаға көшу бағытын, сондай-ақ елде шикізат және өндірістік базаның болуын ескере отырып, Қазақстанда атом-энергетика саласын дамыту қисынды және заңды қадам.

ҚАУІПСІЗДІК ЖАЙЫ ДА СӨЗ БОЛДЫ

Бұдан бөлек, Асуан Сиябеков АЭС-тің суды тұтынуына қатысты да алаңдауға себеп жоқ екеніне, қауіпсіздік үшін сейсмика және су тұтыну мәселелері мұқият қаралатынына назар аударды. АЭС-тің заманауи технологиялары, мысалы, құрғақ градирняларды пайдалану су тұтыну көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Жария талқылау кезінде осы қауіпсіздік жайы да сөз болды. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық Орталығы» РМҚ «Атом энергиясы институты» филиалы директорының орынбасары Ерболат Қоянбаев әлем елдеріндегі АЭС реакторының даму эволюциясына тоқталды.

– Алғашқысы 1950-1960 жылдары салынды. Бұл – ядролық энергиядан жылу энергиясын, электр энергиясын алуға бағытталған бірінші жоба. Екінші бұндағы реакторлар 1970-1980 жылдары салынды. Негізінен коммерциялық реакторлар саналады. Дәл осы реакторлар «Чернобыль» мен «Фукусимада» қолданылды. Қазіргі уақытта осы бұнының реакторлары әлі де жұмыс істеп тұр. Үшінші бұндағы реакторлар – 1990-2020 жыл аралығында салынған, салынып жатқан реакторлар. Соңғысында бұған дейінгі барлық авариялық жағдайлар ескерілген. Төртінші бұндағы реакторлары әзірге жоба ғана. Біздің қарап отырғанымыз 3+ бұнындағы реактор. 8 балдық жер сілкінісінде, су тасқынында, жылдамдығы 56 м/с дейінгі қатты жел, дауылда да шыдамды деп танылған. Ауыр авария жайына келер болсақ, 10 миллион жыл ішінде бір оқиға болуы мүмкін, – деді ол.

ЕЛДЕ АТОМ САЛАСЫНА МАМАН ЖЕТКІЛІКТІ

Ал елімізде атом электр станциясы салынған күнде де, кадрлармен қамтамасыз ету, бұл салаға жауапты бола алатын маман бар ма деген сауалға «Ядролық физика институты» РМҚ бас директоры Саябек Сахив жауап берді. Ғалымның айтуынша, атом саласы еліміз үшін таңсық дүние емес. Бүгінгі таңда Қазақстанның атом өнеркәсібінде 20 мыңнан

астам адам жұмыс істейді, оның 15 мыңы – негізгі өндірістік персонал.

Сондай-ақ ондаған жыл бойы табысты жұмыс істеп келе жатқан «Ұлттық ядролық орталық» пен «Ядролық физика институтының» мамандары шетелдік әріптестерінен білім мен біліктілігі жағынан еш кем түспейді. Бұл орталықтар атом электр станцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтармен бірлесе жұмыстар істеуде екен. Олардың жұмыстарының нәтижелері Жапония, Франция және басқа да ядролық ғалымдарымыз ынтымақтасатын елдердің бірқатар инновациялық атом электр станциялары жобаларында ескерілген.

– Қазақстанда атом электр станциясын салу жөніндегі талқылаулар мен әртүрлі пікірталастар аясында еліміздің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудағы ұстанымын ерекше атап өткен жөн. Мәселен, Ядролық физика институты негізінде 57 жыл бойы қазақстандық су-сулы реакторы табысты жұмыс істеп келеді. Бұл республикамыздағы жалғыз стационарлық, көп мақсатты – іргелі, қолданбалы радиотейулер, медициналық және өнеркәсіптік радиоизотопты өнімдерді өндіру бойынша зерттеу реакторы. Ол елімізде атом электр станциясын салу үшін қарастырылып жатқан реакторлардың түп үлгісі болып табылады, – дейді Саябек Сахив.

Ғалым атомдарды экономиканың барлық салаларында – өнеркәсіпте, медицинада, ауыл шаруашылығында, азық-түлік өңдеуде және басқа да жақсы мақсаттар үшін пайдалануға болатынын айтты. Оның айтуынша, атом электр станциясы – бұл экологиялық таза, сонымен қатар ел тұрғындарын 100 жыл бойы үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ететін негізгі электр энергиясы.

– Біздегі зерттеу реакторы жұмыс істеп келе жатқанына 57 жыл болды. Бір оқыс оқиға болған жоқ. Ал ол МАГАТЭ үшін мынау атом электр станциясы, мынау зерттеу реакторы, мынаған талапты төмендетейік деген шарт жоқ. Екеуіне талап бірдей. Сондықтан барлық қазақстандықтарға айтарым, Алматының түбінде 20 шақырым жерде, 56 жыл болды, атом электр станциясы бар деп есептей беріңіздер, – деді С.Сахив.

Сондай-ақ ғалым атом саласының ұлттық кәсіпорындары біліктілігін жаңарту мен жетілдіру және кадрлық әлеуетін атап өтіп, «Ядролық физика институтында» жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер туралы айтып берді.

АЭС МӘСЕЛЕСІНДЕ АШЫҚТЫҚ МАҢЫЗДЫ

Жария талқылауға қатысушылар АЭС қауіпсіздігіне, оны пайдалануға, жобаны қаржыландыруға, кадрлар даярлауға, сондай-ақ қазіргі жағдайға және отандық энергетикалық кешеннің даму болжамына қатысты сұрақтар қойды. Облыс ардагерлері мен қоғам белсенділері жобаны іске асыру кезінде барлық кезеңдерде ашықтықты, шешім қабылдауға жұртшылықтың кеңінен қатысуын қамтамасыз ету маңызды екенін айтты. Сондай-ақ энергетика саласының мамандары өз пікірлерін ортаға салып, АЭС құрылысының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін, оның қауіпсіздігі және халыққа қандай пайда әкелетінін талқыға салынғанын айтты.

Жиын соңында пікір алмасу кезінде И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің директоры Бақытжан Әбдікәрімов жария талқылауда ең маңызды үш тақырып – АЭС салу қажеттілігі, оның қауіпсіздігі және халыққа қандай пайда әкелетінін талқыға салынғанын айтты.

– Қауіпсіздік туралы айтқанда, қауіпсіздік шаралары сақталмаған «Чернобыль» АЭС-тегі қайғылы оқиға жұртшылықтың санасында күшейе түскені анық. Осыған қарамастан, бүгінде Украинада бес атом электр станциясы жұмыс істейді. Ал Жапонияда «Фукусима» атом электр станциясындағы апатқа қарамастан, адамдар атом энергиясын бас тартқан жоқ, қазір бұл елде 21 реактор жұмыс істейді. Бүгінгі таңда әлемнің 18 елі 57 ГВт электр энергиясын өндіреді. Қазір энергияға үлкен қажеттілік бар. Атом электр станциялары жана қуат, зор қуат көзі екені анық. Жердің байлығын, қазынасын халық игілігіне жұмсауымыз керек. Сондықтан біз өз елімізде атом электр станциясын салуға тиіспіз, – деді ол.



ШЕШІМДІ ХАЛЫҚ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Сонымен қатар, Сенаторлар кеңесінің мүшесі, саяси ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Бақтиярұлы ауқымды жоба туралы жұртшылықты кеңінен хабарлар ету қажетін айтты.

– Елімізде атом электр станциясын салу мәселесі көптен бері көтеріліп келеді. Мен Қазақстан Республикасы Президентінің осы мәселе бойынша референдум өткізу туралы бастамасын толық қолдаймын. Бұл дұрыс, өйткені мұндай маңызды міндетті шешу үшін халықтың пікірі қажет. Мен көптеген елде болдым, қазір республикамызда атом электр станциясын салу қажет екеніне көзім жетті. Біріншіден, Қазақстанда электр қуатының тапшылығы артып келеді. Біз уран өндіруден әлемде бірінші орындамыз. Ал бұл саланы одан әрі дамытуда бізде қиындықтар болмайды деп ойлаймын.

Екіншіден, жаңа энергетикалық жоба ғылыми-техникалық прогреске серпін береді. Үшіншіден, көптеген жетекші елде атом электр станциялары бар, соның ішінде Еуропа, Қытай, Ресей, АҚШ, Жапония. Ал Қазақстан да әлемдік державаларға ілесіп отырып, заман талабына сай болуы керек. Тағы бір мәселе – атом электр станцияларын кім және қайда салады? Бұл мәселеде әлемдік тәжірибені қолдану маңызды. Халқымыз референдумда еліміз үшін соншалықты маңызды әрі қажетті атом электр станциясының құрылысын қолдайды деп ойлаймын, – деді Мұрат Бақтиярұлы.

Өз кезегінде ұйымдастырушылар жобаны одан әрі ілгерілетуде барлық айтылған пікірлер мен ұсыныстар ескерілетінін жеткізді. Мәселе бойынша түпкілікті шешімді осы күзде өтетінін референдумда халық қабылдайды.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Сыр бойы

№117 (20791) 1 тамыз, бейсенбі 2024 жыл

ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІ БОЙЫНША АТҚАРЫЛУЫ, ЖҮРГІЗІЛГЕН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ НЕГІЗİNДЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

1. Түсімдер

2023 жылы бекітілген облыстық бюджеттің кірістер болжамы (кірістер, мемлекеттің қаржылық активтерінен сатудан түскен түсімдер, қарыздарды түсімі мен несенен өтеуді есепке алғанда) барлығы 505074184 мың теңге, бюджеттің атқарылуы бағытында нақтыланған бюджет 72307956,6 мың теңгеге өскен, 577382140,6 мың теңге болып бекітілді. Түзітілген облыстық 577738615,2 мың теңгені қурап, 582108912,7 мың теңгеге 100,8% орындалды, 4370297,5 мың теңге болжамнан артық түсті.

Облыстық бюджеттің өз кірістері (салықтық, салықтық емес және негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) 40355107 мың теңге көлемінде бекітілді, нақтыланған (түзітілген) жоспар 51405991,6 мың теңгені қурап (жыл төлемімен 11050844,6 мың теңгені артқан), жыл қорытындысымен 55720369,6 мың теңгеге немесе 108,4% орындалды, 43144180,0 мың теңге артық түсті. Облыстық бюджеттің өз кірістері 2022 жылмен салыстырғанда 15019999,9 мың теңгеге өскен (2022 жылы облыстық бюджеттің өз кірістері 40700369,7 мың теңгеге түсті).

Салықтық түсімдер болжамының бекітілген бюджеті 36804705 мың теңгені, нақтыланған (түзітілген) жоспар 42306883,9 мың теңгені құрап, нақты түсетін түсімдер 4572366,9 мың теңгеге өскен 100,5% орындалды, артық түскені 2759996,4 мың теңге.

Артық қаражаттар келесі түсімдерден қалыптасқан: табыс салығы -14762972,6 мың теңге, әлеуметтік салық – 1170062,5 мың теңге, қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемәкі түсімдері 101823,9 мың теңге және Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшіні тартуға рұқсат етілу және (немесе) ұзақтарту үшін алғашқы 59831,3 мың теңгені басқа да түсімдер -5829,7 мың теңге. Жоспардың асыра орындалуына негізін болып бюджет саласы мен қызмемлекеттік сектор қызметкерлеріне еібекақының ұлғаюу есебінен түсімдер, жеке кәсіпкерлердің кірісінен салық төлеу, сондай-ақ мұнай өндіруші кәсіпорындардан түсімдер әсер етті.

2022 жылмен салыстырғанда салықтық түсімдердің көлемі 10435485 мың теңгеге артып (2022 жылғы облыстық бюджетте 34631395,3 мың теңгені түсті). Сондай-ақ салықтық түсімдердің өз қаржынына мемлекеттік кірістер департаментіне қарасты жұмыс тобының қосымша мөрапоранды табуына және республикалық бюджет жергілікті бюджетке бірінше салық түрлерінің аусуы ықпал етті (2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап облыстық бюджетке бірінші респуоликалық бюджетке түсімі «Жануарлар дүнінен пайдаланылуы үшін төлем» -132925,8 мың теңге және «Тарихи ыңғайларды өту бойынша төлемдер» -193949,8 мың теңге).

Салықтық емес түсімдер бойынша бекітілген бюджеттің көлемі 3540402 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) бюджет 9024092,7 мың теңгені қурап, 10576924,6 мың теңгеге немесе 117,2% орындалды, 1552831,9 мың теңге артық түсті (Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер – 24698,8 мың теңге, айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндірің аулар – 211678,2 мың теңге). Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттарды қайтарылуы – 121697,1 мың теңге. Өндірің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары – 1136726,6 мың теңге, мемлекеттік сатып алу өткізуден түсетін түсімдер – 613,6 мың теңге, жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер – 57417,6 мың теңгені, 2022 жылмен салыстырғанда салықтық емес түсімдердің көлемі 4572366,9 мың теңгеге өскен (2022 жылғы облыстық бюджетке 6004557,7 мың теңге түсті).

Артық аударымдар аудардан мен Қызылорда қаласының жалпы білім берілетін мекеңдерінде бұфеттердің жағға берілуі мен кәсіпкерлер санының ұлғаюынан, шікі істер департаменттері мен сот приставтары салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндірің аулар санының өсуінен және қызмемлекеттік сектор сатып алуынан қосалынған қаражаттан түсуінен, сондай-ақ жасалған меморандумдар бойынша облыс кәсіпорындарының жергілікті бюджетке жоспардан тыс аударымдар есебінен қалыптасты.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерің бекітілген жоспары 10000 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 74975 мың теңгені қурап, 76564,6 мың теңгеге (102,1%) орындалды, мемлекеттік мекемелерге тіркелген мүлкіт сатудан түсетін түсімдерің (автокөлік құралдары) есебінен бюджетке түсетін түсімдер артық түсті. Сатылған автокөлік құралдары санының артуына байланысты негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, оның ішінде автокөлік құралдарын сатудан түсімдер 2022 жылмен салыстырғанда 12147,9 мың теңгеге артып (2022 жылы облыстық бюджетке 64416,8 мың теңге түскен).

Облыстық бюджетке салықтық емес және басқа да түсімдер келесі мәліметтермен айқындалды.

Мемлекеттің коммуналдық кәсіпорындарын таза кірістері бойынша бекітілген жоспар 1506 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 95457,1 мың теңге, орындалғаны 97068,8 мың теңге немесе 101,7%, артық түскен 1611,7 мың теңге ұйымдарды жоспарланбаған табыстары. 2023 жылдың қорытындысымен жоспарланған қараждан нақты төлемдердің артық түсіміне сәйкес кәсіпорындардың таза кірістері артып, «Гайбәт» МКК 494,6 мың теңге және «Қармасы аудандық ветеринарлық станция» МКК – 111,7 мың теңге түсті. Жүргізілген тексеру қорытындысымен 2022 жылы Қызылорда облысының білім басқармасының «И.Әбдіқарімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі» КМКҚ-нан бір реттік 11072,1 мың теңге түсіп, 2023 жылғы түсімдер көлемі өткен жылмен салыстырғанда 11149 мың теңгеге азайған (2022 жылғы облыстық бюджетке 108217,8 мың теңге түсті).

Коммуналдық меншіктегі мүлкіт жалға алуға түсетін кірістер болжамы бекітілген жоспар 45000 мың теңгені, нақтыланған (түзітілген)жоспар 122000 мың теңгені құрап, нақты 144136,8 мың теңгеге немесе 118,1% орындалды. 22136,8 мың теңге артық түсімі кірістеді.

Жалпы жалға берілген алаңдардың көлемі 20,0 мың шаршы метрді құрады, мемлекеттік тұрғын үй емес жайлардың мүлкіткі жалға беруге 460 келісім-шарттар жасалды. 2023 жылғы тендер өткізуі барысында мүлкіт жалға беру төлемдерінің өсуіне сәйкес түсімдер көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 23102,3 мың теңгеге өсті (2022 жылғы бюджетке 121034,5 мың теңге түсті).

Облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына берілген бюджеттік кредиттердің сыйқалықтарының бекітілген жоспары 1285679 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 1297112 мың теңгені құрап, нақты 1298062,3 мың теңгеге немесе 100% орындалды. Артық түскені 950,3 мың теңге. Асыра орындалу негізінде мамандандырылған ұйымдардың жеке тұлғалардан бұрын жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдеуі алынған кредиттері бойынша 889,5 мың теңге қаражаттың артық аударылуынан қалыптасқан.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуларды өткізу бойынша бекітілген жоспар 2600 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 2400 теңгені құрап, нақты 3013,6 мың теңгеге өскен 105,9% орындалды, артық түскені 613,6 мың теңге. Асыра орындалу мемлекеттік мекемелер отқазған мемлекеттік сатып алулар негізіндегі келісім-шарт талаптарының орындалмауына және тұрқасыздық айыппұлдарын төлеген салымшылар санының артуына сәйкес қалыптасқан.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынатын айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндірің аулар бойынша бекітілген жоспармен қаржы қарамаған, нақтыланған (түзітілген) жоспармен 2836431,4 мың теңгені құрады. Нақты орындалғаны 3048109,6 мың теңге немесе 107,5%, артықтүскені 211878,2мыңтеңге, оның ішінде: мемлекеттік мекемелер тарапынан салынатын әкімшілік айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндірің аулардан облыстық бюджетке 930,2 мың теңге (111,6%); ішкі істер департаменті тарапынан салынатын әкімшілік айыппұлдар болжам 11884,2 мың теңгені (105,7%); сот орындаушылары, приставтар мен соттардың басқа қызметкерлер тарапынан салынатын әкімшілік айыппұлдар, өсімдіктер, санкциялар, өндірің аулар бойынша 82947 мың теңге немесе 111,8%, өзге де айыппұлдар мен санкциялар есебінен бюджеттің

24 шілде 2024 жыл

Қызылорда облыстық мәслихатының

ҚҰЖАТ

Қызылорда облыстық мәслихатының

№109

Қызылорда қаласы

24 шілде 2024 жыл

Қызылорда облыстық мәслихатының

№109

24 шілде 2024 жыл

Қызылорда облыстық мәслихатының

№109

кірісіне 8953,8 мың теңге артық түсті (131,5%).

Бюджетке түскен өткен жылдардағы қарыздармен құзыры ортақтармен салынған өсімдіктер санының қобөеніе байланысты айыппұлдар көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1644847,8 мың теңгеге артып (2022 жылы облыстық бюджетте 1403251,8 мың теңге түсті). Сонымен қатар, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші респуоликалық бюджет жоспарының жүрген сот орындаушыларымен салынатын айыппұлдар көлемі (782947,5 мың теңге) облыстық бюджетке түсе бастады.

Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы бекітілген бюджет жоспарланбаған, нақтыланған (түзітілген) жоспар 960353,3 мың теңгені құрап, 1082050,4 мың теңгеге немесе 112,7% орындалды, бюджетке 121697,1 мың теңге артық түсті. Асыра орындалу: колледж студенттерінің оқу үшін жоспарланбаған төлем ақылары есебінен-53560,1 мың теңге, «Байқоңыр» ӘКҚ-на қайтарылған қаржылары есебінен -80164,2 мың теңге, бюджетке қосымша аударымдар есебінен -54575,3 мың теңге, бұрын жергілікті бюджеттен алынған субсидиялар есебінен ұсынылмаған қызметтер мен жұмыстар үшін қайтарылған қаржы. Былтырғы жылмен салыстырғанда аталған түсімдер көлемі 624169,3 мың теңгеге артып (2022 жылы облыстық бюджетке 457890,1 мың теңге түсті).

Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер бойынша бекітілген жоспар 40000 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 89000 мың теңгені құрап, 146417,6 мың теңгеге немесе 164,5% орындалды. Облыстық бюджетке 57417,6 мың теңге артық түсті. Асыра орындалу өтініш пен ұйғарымдар бойынша зиянды өтеу, өсімдіктер мен айыппұл, санкциялар төлеген және және тағы да тұлғалар санының ұлғаюуына байланысты қалыптасқан. Былтырғы жылмен (2022 жылы бюджетке 385218,8 мың теңге түсті) салыстырғанда аталған түсім көлемі 238801,2 мың теңгеге төмендеді.

2023 жылы өндірің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша бекітілген жоспар 2165617 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 3621339,9 мың теңгені құрап, облыстық бюджетке нақты 4785066,5 мың теңге (131,4%) түсті. Өндірің әлеуметтік-экономикалық дамуы аударымдары бойынша меморандумға сәйкес бірқатар мұнай өндіруші компаниялардан меморандум бойынша бюджетке 1136726,6 мың теңге жоспардан тыс аударымдар түсті, оның ішінде: «СНПС-Айданмұнай» АҚ – 20 мың теңге, «СП Казгермұнай» ЖШС – 600 мың теңге, «Байкен-У» ЖШС – 94 мың теңге.

«Сауте Ойл» ЖШС – 300 мың теңге, «РУ-6» ЖШС – 95 мың теңге, «Тузкоольмунайз оперетинг» ЖШС – 160 млн.теңге және т.б., сондай-ақ 2022 жылғы «СП-Хорасан-У» ЖШС – 165 мың теңге кате аударылған қаражат кері қайтарылды). Қызылорда қаласында салынуы жоспарланған «Оқушылар сарайының» құрылысына «СП-Казгермұнай» ЖШС-ның бір жолғы төлеген аударымдарына сәйкес аталған түсімдер көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2349452,1 мың теңгеге өсті (2022 жылы бюджетке түскені – 2408613,4 мың теңге).

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлкіт сатудан түсетін түсімдер бойынша бекітілген жоспар 10000 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 74975 мың теңгені қурап, 78564,7 мың теңгеге немесе 102,1% орындалды, 1589,7 мың теңге артық түсті. Аукцион тәсілі арқылы облыстық коммуналдық меншіктегі, ұстап тұру экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып табылатын барлығы 63 нысан (62 автокөлік және 1 қойма) сатылды. Асыра орынду сатылған автокөлік санының жоспарланған автокөлік санынан артық болуынан қалыптасты. Былтырғы жылмен (2022 жылы бюджетке 64416,8 мың теңге түсті) салыстырғанда аталған түсім көлемі 14147,9 мың теңгеге артып.

Облыстық бюджетке түсетін трансферттер бойынша бекітілген бюджет 445009501 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) бюджет 497165901 мың теңге, түзітілген бюджет 497522471,8 мың теңгені құрады. Нақты түскені 497522471,9 мың теңге немесе толығымен 100% түсті, оның ішінде:

Қызылорда қаласы мен барлық аудандық бюджеттерден нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару бойынша 257576,5 мың теңге түсті (100%);

аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден алынған бюджетке ысырабын өтеуге 9342589,2 мың теңгені құрады (100%);

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша төллек аударылуға рұқсат етілген, өткен қаржы жылдында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтарудан – 86225,2 мың теңге (100%);

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтарудан 203220,3 мың теңге (100%);

Республикалық бюджеттен 487632860,7 мың теңге трансферттер алынды (100,0%).

Облыстық бюджеттен бұрын берілген бюджеттік кредиттерді өту бойынша бекітілген жоспар 11083605 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 11232111,8 мың теңгені құрады, бюджетке нақты түскені 1278991,2 мың теңгені (100,3%), жеке тұлғалар мен мамандандырылған ұйымдардың кредиттері мерзімінен бұрын өтеуіне сәйкес бюджетке артық түскені 55879,4 мың теңге оның ішінде: Жалаған ауданының бюджетіне жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіруге берілген 7311,3 мың теңге қайтарылды.

Қызылорда қаласының әлеуметтік сала мамандары әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 1243339,7 мың теңге.

Шіелі және Жанқорған аудандары мен Қызылорда қаласының қондимионум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуден – 460226,5 мың теңге.

Қызылорда қаласында сумен жабдықтау бағалы қағаздар шығару арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысына 5206155 мың теңгеге;

облыстық бюджеттен бұрын тұрғын үй құрылысына берілген кредиттерді өтеуден 255000 мың теңге. Қызылорда қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта құру және құрылысыа берілген кредиттерді өтеуден – 2550000 мың теңге;

Қызылорда қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау және салуға берілген кредиттерді өтеуден 274968,1 мың теңге; ауылда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге мамандандырылған мекемелерге («Атרו несие қорпорациясы» АҚ, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ) берілген бюджеттік кредиттердің өтеуінен 788317,3 мың теңге; «Қызылордажылужелектрорталығы» ШЖҚ МКК-на және «Арал» Құрылысы жүріп жатқан Кәсіпорындарынан Бірлескен Дирекциясына жылу-, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылысыа берілген кредиттерді өтеуден - 508330,8 мың теңге;

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұйғарымына сәйкес «Байқоңыр» ӘКҚ-на қаржы берілген жергілікті бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден – 203726,9 мың теңге;

Жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдеуге берілген жеке тұлғалардан бюджеттік кредиттерді өтеуі – 34621,9 мың теңге;

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілген пайдаланылмаған кредиттерді Арал және Жанқорған аудандарының бюджеттерінен қайтарылуына 361,7 мың теңге, қондимионум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуден кредиттерді Қазалы ауданы бюджетінен өтеуден – 1632 мың теңге, барлығы 1993,7 мың теңге.

Облыстық бюджетке алынатын қарыздар бойынша бекітілген жоспар 8625011 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) жоспар 1787080 мың теңге, нақты түскені 17587080 мың теңге (100%) қарғы алынды, атты айғанда:

«Республикалық бюджеттен барлығы 9235580 мың теңге (100%) қарыз алынды, оның ішінде:

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі қолана масштабтау үшін елді мекендер мен шағын қалалар тұрғындарына микрокредиттер беру – 3000000 мың теңге; Жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдеуге – 2285000 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру

үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттерден – 2209725 мың теңге;

жылу-, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылысыа – 878481 мың теңге;

қондимионум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беруден – 862374 мың теңге. Ішкі нартаға айналымға жіберу үшін Қызылорда қаласында мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға – 8351500 мың теңге (100%) бағалы қағаздар шығарылды.

Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру бюджет қаражаттары қалдықтарын бағыттау есебінен жүргізілді, 2024 жылдан басына қалыптасқан 1581125,8 мың теңге толық көлемде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жолданды.

2. Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыру

Жалпы шығындар бойынша (шығыстар, бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу, алынған қарыздар) облыстық бюджет бекітілген бюджет бойынша 57896184 мың теңге, нақтыланған бюджет бойынша 578963266,4 мың теңге түзітілген бюджет жоспары 59319741 мың теңге 577387449,1 мың теңгеге немесе 99,7% атқарылды. Жоспарланған сомадан 1932291,9 мың теңге бюджет қаражаты пайдаланылмай қалды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 6260507,7 мың теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1306241,2 мың теңге.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 31, 48 бағдарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың жоспарының, негіздеуі мен іске асырылуына, сондай-ақ нысаналы трансферттердің пайдаланылуына, тікелей және түпкілікті нәтижелерге кол жеткізілуіне жауап береді. Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша қаражатың игерілуі келесі көрсеткіштермен айқындалды.

1. «Облыс мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламасын іске асыруға бекітілген бюджеттен 169613,0 мың теңге бөлінді. Нақтыланған (түзітілген) бюджеттен қаражат 127284,0 мың теңгені құрады, игерілген 172781,6 мың теңге (100%), үнемделген қаржы 2,4 мың теңге.

001 «Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасын іске асыруға бекітілген бюджеттен 169613 мың теңге бөлінді, нақтыланған (түзітілген) бюджеттен 171273 мың теңгеге дейін ұлғайтылды, оның ішінде 171270,8 мың теңге (100 %) игерілді, игерілмеген 2,2 мың теңге ағымдағы шығындардан құралған қалдық қаражат. Жыл ішінде қосымша 1660 мың теңге бөлінді: «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің хатшыа сәйкес, мәслихат аппаратының бас инспекторы «А» функциялық блоктан «А» блока тұрғын қомпасия тарапынан бөлінген жоспарланған аударым айырмашылығы өтеуге, бонустық төлемдерді жүргізуден үнемделген 6084,0 мың теңге бюджетке қайтарылып, облыстың стратегиялық-даму жоспарына сәйкес қабылданған ірі жобалардың 2024-2026 жылға арналған республикалық бюджеттен қаржыландыруға жұмыс жасау және тәжірибе алмасу үшін Алматы, Астана қалаларына іссапар шығындарына қосымша 7400 мың теңге бөлінді. Бөлінген қаржы 1 бірлік мәслихат хатшысына, 2 бірлік тұрғын қомпасия тарапынан бөлінген жоспарланған аударым қызметші және 675 үнделік сәйлау комиссияларының торағалары, хатшылары, орынбасарлары мен мүшелерінің біліктілігін арттыруға жұмсалды. Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне 100% кол жеткізілді.

019 «Сәйлау процесіне қатысушыларды оқуы» бюджеттік бағдарламасына бекітілген бюджеттен 10280,0 мың теңге, нақтыланған (түзітілген) бюджеттен 20547,3 мың теңге қаралып толығымен 100% игерілді, қалдық қаржы 0,1 мың теңге. Бөлінген қаржы 54 аударымдық,408 үнделік және 675 үнделік сәйлау комиссияларының торағалары, хатшылары, орынбасарлары мен мүшелерінің біліктілігін арттыруға жұмсалды. Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне 100% кол жеткізілді.

2024 жылғы 1 қаңтарына «Аппараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша дебориторлық берілу, 24 «Облыс аудандық қорғаныс қалыптастыру және етбекәкі» 31,3 мың теңге әлеуметтік салық, 18,2 мың теңге коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, 79,6 мың теңге байланыс қызметіне ақы төлеуден қалыптасқан.

2024 жылдың 1 қаңтарына 625,7 мың теңге кредиторлық берешектер қалыптасты, оның ішінде «Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 608,2 мың теңге (504,7 мың теңге байланыс қызметтерінен, 104,0 мың теңге трансферттерден) іссапарлар мен қызметтік сапарлардан қалыптасқан. «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 17,0 мың теңге коммуналдық қызметтерге а

